


# МУРАТБАЕВ NEWS



*Қош келдің,  
әз-Наурыз!*

Гимназиямызда 22 Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында “Тоғызқұмалақ”, “Асық, бес – асық”, “Дойбы, және де басқа да ұлттық ойын түрлері мен “Бауырсақ – тайм” ұйымдастырылады.


## Ақпарат

-  +7 (72637) 2-19-37
-  Қосы батыр 47
-  sh-g.gany.muratbaev@mail.ru
-  www.gmonline.kz

**Ғани Мұратбаев  
атындағы гимназиясы**

# «Шебер ұстаз – табысты оқушы»

2024 жылдың 13 наурыз күні Гани Мұратбаев атындағы гимназиясында «Шебер ұстаз – табысты оқушы» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Семинарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрығына енгізілген өзгерістер талқыланды. Семинар аясында гимназия педагогтері аттестаттау қағидаты мен шарттарының Жобасына қатысты сұрақтарына жауап алып, пікірлерімен бөлісті.



## Аналар – асыл жандар!

Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Дүниеде анасыз адам жоқ. Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алып өскен. Ана – барлық өмірдің бастауы. Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді деген. Расымен, анасыз өмірді, әлемді елестету мүмкін емес. 5 сынып жетекші З.А.Момушеваның ұйымдастыруымен анаға деген бала махаббатын ояту, анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, оқушыларды аналардың еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында 5 "Б" сыныбы оқушыларының қатысуымен "Аналар – асыл жандар" атты мерекелік кеш өткізілді.



# Тазалық – табалдырықтан басталады



2024 жылдың 19 наурызында, гимназиямыздың оқушылары мен ұстаздарының ұйымдастыруымен “Жаңару” күніне орай сенбілік ұйымдастырылды. Тазалық әр адамнан бастау алады демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті.




# "Оқуға құштар мектеп" жобасы

2024 жылдың 4 наурызында, "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Жас оқырмандар" алаңында гимназиямыздан 9 "А" сынып оқушыларымен Винстон Грумның "Форрест Гамп" шығармасын талдау сағаты өтті. Спикер ағылшын тілі пән мұғалімі Менлибеков Арман Нуржанович болды. "Форрест Гамп" – бұл шығармасы Ол әлемде мейірімді және шынайы адамдар бар деген үміт береді. Кітапта адам қандай болмасын, оның жүрегінде қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік және басқа адамдарға деген шынайы эмоциялар бар. Кітап фильмнен гөрі қызықты. Кітапта кейіпкерлердің мінезі толық ашылады. Басты кейіпкер адамдарға ешқандай белгілерді іліп қоюдың қажеті жоқ екенін үйретеді.



# "Көркем еңбек сабағында STEAM технологиясы: тәжірибе және мүмкіндіктері" аудандық семинар

2024 жылдың 12 наурызында, гимназиямызда "STEAM білім беру: көркем еңбек сабақтарындағы тәжірибе және мүмкіндіктері" – атты аудандық семинар өткізілді. Семинарға аудандағы мектептердің көркем еңбек пәні мұғалімдері қатысты. Семинар барысында гимназияның мұғалімдері екі ашық сабақ және екі шеберлік сынып көрсетіп, тәжірибемен бөлісті. Семинарда STEAM білім беру элементтері және жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Султанбекова Әлия жақсы бағалап, қорытындылады.



# "Жаздық жолдама" жобасы

Гимназиямызда 15 наурыз "Қайырымдылық" күні жазғы каникул кезінде 5-8 сыныптардың оқушылары үшін зияткерлік және шығармашылық дамумен демалысты қамтамасыз ету «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры «Жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасының аясында сертификат табысталды. Бұл қайырымдылық жобасы оқуда үздік көрсеткіштерге ие және мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын орта сынып оқушыларын қолдауға және ынталандыруға бағытталған.



# Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні

Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орай Гани Мұратбаев атындағы гимназиясының GM-арнасының сұхбат алаңында аудандық емхана дәрігері –фтизиатр Жұбатқанова Тиллагуль Қылышбаевна және аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің жетекші маманы Манашова Салтанат Сексенбаевна қонақта болып, бірнеше сұрақтарға жауап берді. Сұхбат барысында аурудың белгілері, жұқтырған соң адам ағзасында ауру таяқшаларының қаншалықты тез дамуы, аурудың алдын алу үшін не істеуге болатыны туралы ақпарат берді.

#эксперименталаңы





# Салт – дәстүр – баршамыздың ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ!

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыштардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Ұлттық мәдениеттің негізі-салт дәстүр. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Бастауыш сыныптарының ұйымдастыруымен мәдени ұлттық салт-дәстүрімізді дәріштеу мақсатында “Салт – дәстүр баршамыздың құндылығымыз” атты іс-шара өткізілді. Шарада ежелден келе жатқан салт дәстүріміз “Тұсаукесер” дәстүрі қойылды. Кішкентай балақайдың тұсауын кесіп, баталарын беріп, ырым бойынша алдына түрлі заттар қойып таңдау жасатты.



# «Оқуға күштар мектеп» рубрикасы

– Үсен, Үсен! Мынау тайыз жерде балықтарды қарашы! – деп. Үсен оған қарамай баяғы жұрттан тапқан инені отқа салды. Ине біраздан соң оттың күшімен еріп, қызарды, сол уақытта пышақпен инені алып, ештеп иді, қармақ істеді.

Сонан соң Асанды шақырып:

– Сен шегіртке тере бер, – деді де, өзі манағы қылдан есіп қармаққа бау істеп байлап, талдан кесіп оған сап істеді. Сөйтіп, қармағы әбзелімен даяр болған соң, Үсен суға барып, Асанның жиған шегірткесін жемге шаншып, қармағын суға салды. Су әдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп жүре-тұғын. Әуелі шабақтар келді, біреуі бір, екеуі екі жемді иіскеп, тиіп-қашып, жүлқыш өтіп жүрді.



Ы.Алтынсарин. «Бай мен жарлы баласы»

